

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасы төрағасының республикада төлем және кредит тәртібін нығайту мәселесі бойынша есебі туралы" қаулысын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 сәуір 1993 ж. N 303

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасы төрағасының республикада төлем және кредит тәртібін нығайту мәселесі бойынша есебі туралы" 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Панфилов көшесіндегі 94-98 үй Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің иеленуі мен пайдалануына берілсін. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ акционерлік-коммерциялық әлеуметтік дамуды кредиттеу банкінің және "Алтындәнбанк" акционерлік-коммерциялық банкінің жарғы қорына мемлекеттің үлесі ретінде енгізген алаңдар осы банкілер өз үйлерін салып бітіргенге дейін қарамағында қала тұрады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті екі апта мерзім ішінде Қазақ акционерлік "Тұранбанк" банкі мен Қазақ акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіп банкі отырған үйді қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің балансына беретін болсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттің жарғы қорындағы жарнасының үлесін азайту жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен құрылтай шартына тиісті өзгерістер енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 сәуірдегі
N 303 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне
1993 жылғы 10 сәуірге дейін берілуге тиісті
СССР Мемлекеттік банкі Қазақ республикалық

банкiсiнiң балансында тұрған үйлердiң
(1987 жылғы 1 қаңтарға дейiнгi жағдай бойынша)
ТІЗБЕСІ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК